

"Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2016 жылғы 29 қарашадағы № 7-11 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 16-5 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 қантарда № 4507 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2023 жылғы 9 қарашадағы № 9-4 шешімімен.

Ескеरту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 09.11.2023 № 9-4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2016 жылғы 29 қарашадағы № 7-11 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 3971 болып тіркелді, 2016 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

16 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"16. Әлеуметтік көмек осы қағидаларға 3-қосымшаның 18) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, 6 (алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын көрсетіледі.

Аталған тұлғаларға әлеуметтік көмек, егер олар толық мемлекеттік қамтамасыз етуде болмаса ғана көрсетіледі.";

16-1 тармақ алынын;

17 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"17. Әлеуметтік көмек осы қағидаларға 3-қосымшаның 19) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет көрсетіледі.

20 тармақтың 2) тармақшасы орыс тілінде келесі редакцияда жазылсын, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын:

"2) документ, подтверждающий регистрацию по постоянному месту жительства;"

3 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы

мәслихатының XVI

сессиясының төрагасы

Ж. Ахметова

Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы

мәслихатының хатшысы

C. Мұқанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы әкімдігінің

жұмыспен қамту және

әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі" коммуналдық

мемлекеттік мекемесінің

басшысы

K. Садыков

2017 жылғы 22 желтоқсан

"Солтүстік Қазақстан облысы

Аққайың ауданы әкімдігінің

экономика және қаржы бөлімі"

коммуналдық мемлекеттік

мекемесің басшысының

міндеттерің атқарушы

E. Галыгина

2017 жылғы 22 желтоқсан

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың
ауданы мәслихатының 2017 жылғы 22
желтоқсандағы № 16-5 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың
ауданында әлеуметтік көмек
көрсетудің, оның мөлшерлерін

белгілеудің және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының тізбесін
айқындаудың қағидаларына
3-қосымша

Әмірлік қызын жағдай туындаған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу және адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесі

- 1) жетімдік;
- 2) ата-ана қамқорлығының болмауы;
- 3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девианттық мінез-құлық;
- 4) туғанынан үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық дамуы мүмкіндіктерінің шектелуі;
- 5) дene және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты ағза функцияларының тұрақты бұзылуы;
- 6) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;
- 7) жасының егде тартуына байланысты, ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы;
- 8) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездік;
- 9) баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);
- 10) бас бостандығынан айыру орындарынан босау;
- 11) қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінде есепте тұруы;
- 12) кәмелетке толмағандардың ерекше тәртіpte ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы;
- 13) адамның (отбасының) ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысының болуы;
- 14) табиғи зілзала немесе өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне залал келтіру;
- 15) "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 5, 6, 7, 8 және 9-баптарында көрсетілген Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектері, женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар және женілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысуышыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттардың, сондай-ақ Кариб дағдарысының кезеңінде 1962 жылғы 1 қыркүйектен 1963 жылғы 30 қараша аралығында "Анадырь" әскери-стратегиялық

операциясына қатысқан тұлғалардың шот-фактурасын және орындалған жұмыстар актісін ұсынуымен тіс протездеуге мұқтаждығы (бағалы металлдар мен металл керамикадан, металл акрилден жасалған протездерден тіс протездеуің қоспағанда);

16) "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 5, 6, 7, 8 және 9-баптарында көрсетілген Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектері, женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар және женілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысуышыларға теңістірілген адамдардың басқа да санаттардың, сондай-ақ Кариб дағдарысының кезеңінде 1962 жылғы 1 қыркүйектен 1963 жылғы 30 қараша аралығында "Анадырь" әскери-стратегиялық операциясына қатысқан тұлғалардың Қазақстан Республикасының санаторийлерінде және профилакторийлерінде санаторлық-курорттық емделуге мұқтаждығы;

17) "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 5 және 7 -баптарында көрсетілген Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектерінің коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу үшін шығынның орнын толтыруға мұқтаждығы;

18) амбулаторлық емделуде жүрген азаматтарда туберкулездің белсенді түрінің болуы, денсаулық сақтау мекемесінен анықтама ұсынуымен;

19) 3-4 сатыдағы онкологиялық дертке шалдықсан адамдарға, сатысын есепке алмағанда 18 жасқа толмаған адамдарға, денсаулық сақтау мекемесінен анықтама ұсыну бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаждығы;

20) "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 5, 6, 7, 8 және 9-баптарында көрсетілген Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектері, женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар және женілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысуышыларға теңістірілген адамдардың басқа да санаттардың, Семей ядролық полигоны аймағында зардал шеккен тұлғалардың, сондай-ақ Кариб дағдарысының кезеңінде 1962 жылғы 1 қыркүйектен 1963 жылғы 30 қараша аралығында "Анадырь" әскери-стратегиялық операциясына қатысқан тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында жол журу құжатын ұсынуымен теміржол (плацкарт вагон), жолаушылар тасымалдайтың

автомобиль көлігінің (таксиден басқа) бір түрімен жол жүру станциясынан ауруханаға жатқызылатын жерге дейін және кері жол жүрге мұқтаждығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК